

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 18 ақпандағы № 1179 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Берік Ноғайұлы Асылыққа Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2026 жылғы 18 ақпандағы
№1179 Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН
Жоба

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкіметі осы Келісімді жасасуға тиісті түрде уәкілеттік берген Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы (бұдан әрі - Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы)

Тараптардың құқықтық ынтымақтастығы сот төрелігі мен сотталған адамдарды әлеуметтік оңалту мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етуге тиіс деп пайымдай отырып, осы мақсаттарға жету үшін сотталғандарды беруде ынтымақтасуды қалай отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

- а) "жаза" - қылмыс жасағаны үшін белгілі бір мерзімге немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруды білдіретін, сот тағайындаған жазалау шарасы;
- б) "үкім" - жазаны көздейтін сот шешімі;
- с) "сотталған адам" - заңды күшіне енген үкімнің негізінде қандай да бір мекемеде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген адам;
- д) "Үкім шығарушы тарап" - жазасын одан әрі өтеу үшін берілуі мүмкін немесе берілген адамға қатысты үкім шығарылған Тарап;
- е) "Үкімді орындаушы тарап" - сотталған адам жазасын одан әрі өтеу үшін берілуі мүмкін немесе берілген Тарап.

2-бап

Жалпы қағидаттар

1. Тараптар өздеріне осы Келісімнің ережелеріне сәйкес сотталған адамдарды жазаның қалған бөлігін өтеу үшін Үкім шығарушы тараптан Үкімді орындаушы тарапқа беру мәселелерінде біріне-бірі жәрдем көрсету міндеттемесін қабылдайды.

2. Сотталған адамды беру осы Келісімнің ережелеріне және Тараптардың заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

3-бап

Орталық органдар

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасы тарапынан Бас прокуратура орталық орган болып табылады, Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы тарапынан Әділет хатшылығы немесе Әділет хатшылығы уәкілеттік берген тұлға орталық орган болып табылады.

2. Орталық органдар тікелей өзара іс-қимыл жасайды және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес беру туралы сұрау салуларды қарайды.

3. Тараптар өздерінің орталық органдары өзгерген жағдайда бірін-бірі дереу хабардар етеді.

4-бап

Бас тарту үшін негіздер

1. Мынадай:

а) үкім заңды күшіне енген;

б) Үкімді орындаушы тараптың заңнамасы бойынша Үкім шығарушы тарапта жаза тағайындауға себеп болған іс-әрекет, егер ол Үкімді орындаушы тараптың аумағында жасалған болса да бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындауға алып келетін қылмыс болып табылған;

с) Қазақстан Республикасы Үкімді орындаушы тарап, сотталған адам Қазақстан Республикасының азаматы болып табылған;

д) Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы Үкімді орындаушы тарап, сотталған адам Гонконг арнаулы әкімшілік ауданының тұрақты резиденті болып табылған;

е) сотталған адам беруге жазбаша келісім берген, ал ол жасына, физикалық немесе психикалық жай-күйіне байланысты өз еркін білдіре алмаған жағдайда, оның атынан заңды өкілі жазбаша келісім берген;

ф) Үкім шығарушы тарап пен Үкімді орындаушы тарап беруге келіскен;

г) беру туралы сұрау салуды алған кезде сотталған адамның бас бостандығынан айыру мерзімінің өтелуге тиіс мерзімі бір жылдан астам болған жағдайларды қоспағанда, сотталған адам берілмейді. Айрықша жағдайларда, егер бас бостандығынан айырудың қалған мерзімі бір жылдан аз болса, Тараптар беруге келісуі мүмкін;

h) Үкім шығарушы тарапта сотталған адамға қатысты қылмыстық немесе өзге де іс жүргізіліп жатпаған;

i) сотталған адам сот шешімімен жүктелген қандай да бір қаржылық міндеттемелерді орындаған немесе Үкім шығарушы тараптың орталық органы мұндай міндеттемелерді орындауға жеткілікті кепілдік алған жағдайларды қоспағанда, сотталған адам берілмейді.

2. Кез келген Тарап, егер беру оның елеулі мүдделеріне немесе заңнамасына қайшы келуі мүмкін деп есептесе, сотталған адамды беруден бас тарта алады. Егер Тараптардың бірі беруден бас тартса, онда бұл Тарап оның себептері туралы екінші Тарапты дереу хабардар етуге тиіс.

5-бап

Сотталған адамды беру

1. Сотталған адамды беру Үкім шығарушы тараптың не Үкімді орындаушы тараптың сұрау салуы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Тараптар осы Келісім қолданылуы мүмкін сотталған адамдарды осы Келісімнің ережелері туралы хабардар ету бойынша қажетті шаралар қабылдайды.

3. Сотталған адам өзін Үкім шығарушы тарапқа немесе Үкімді орындаушы тарапқа беру туралы өтінішхатпен жүгінуге құқылы.

4. Үкім шығарушы тарап немесе Үкімді орындаушы тарап сотталған адамды қабылданған шешім туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

6-бап

Беру туралы сұрау салу

1. Сұрау салу жазбаша нысанда жасалады және мыналарды қамтиды:

- а) сотталған адамның Т.А.Ә., туған жылы, күні, айы және туған жері;
- б) егер Үкімді орындаушы тарап Қазақстан Республикасы болса, тиісті құжаттар қоса беріле отырып, сотталған адамның Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатынын растау;
- с) егер Үкімді орындаушы тарап Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы болса, тиісті құжаттар қоса беріле отырып, сотталған адамның Гонконг арнаулы әкімшілік ауданының тұрақты резиденті болып табылатынын растау.

2. Үкім шығарушы тараптың орталық органы:

- а) үкімнің заңды күшіне енгені туралы құжатпен бірге үкімнің куәландырылған көшірмесін немесе Үкім шығарушы тараптың заңнамасына сәйкес соттау туралы және үкім туралы куәліктің көшірмесін;
- б) сотталған адам өтеген жаза мерзімінің бөлігін және одан әрі өтелуге жататын жаза мерзімінің бөлігін, сондай-ақ сотталған адамның жазасын жеңілдетуге кез келген құқығын көрсететін құжатты;
- с) айыптау үкімін шығаруға және жаза тағайындауға себеп болған фактілердің қысқаша мазмұнын және адамның сотталуына негіз болған заңнама ережелерінің мәтінін;
- д) сотталған адамның беруге жазбаша келісімін, ал сотталған адам өзінің жасына, физикалық немесе психикалық жай-күйіне байланысты өз еркін білдіре алмаған жағдайда, оның заңды өкілінің жазбаша келісімін де ұсынады. Үкімді орындаушы тараптың сұрау салуы бойынша Үкім шығарушы тарап бергенге дейін Үкімді орындаушы тараптың ресми тұлғасына тиісті келісімнің ерікті түрде және оның салдарын толық түсіне отырып берілгеніне көз жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді;
- е) қажет болған кезде сотталған адамның денсаулық жағдайы, әлеуметтік мінез-құлқының ерекшеліктері туралы анықтаманы және жазасын өтеу кезінде онымен жасалған қарым-қатынас туралы ақпаратты да ұсынады.

3. Қажет болған кезде Тараптардың орталық органдары беру туралы сұрау салу берілгенге немесе осындай беруге келісім беру туралы шешім қабылданғанға дейін қосымша құжаттарды немесе мәліметтерді сұрата алады.

7-бап

Сотталған адамды беру рәсімі

1. Сұрау салынатын тараптың орталық органы қажетті құжаттар алынған күннен бастап мүмкіндігінше қысқа мерзімде сотталған адамды беру туралы сұрау салуға қатысты шешім жөнінде Сұрау салушы тараптың орталық органын хабардар етеді.

2. Сотталған адамды беру орны, уақыты және тәртібі Тараптардың құзыретті органдары арасындағы өзара келісім бойынша айқындалады.

8-бап

Жазаны орындауды жалғастыру

1. Сотталған адам берілгеннен кейін Үкімді орындаушы тарап жазаны өтеуді жалғастыруды қамтамасыз етеді. Жазаны орындау Үкімді орындаушы тараптың заңнамасымен регламенттеледі.

2. Үкімді орындаушы тарап Үкім шығарушы тараптың соты шығарған үкімді ескере отырып, өзінің заңнамасына сәйкес сондай жазаны белгілейді.

3. Егер жаза өзінің сипаты немесе мерзімі бойынша Үкімді орындаушы тараптың заңнамасына сәйкес келмесе, аталған Тарап үкімді осыған ұқсас қылмысы үшін өзінің заңнамасында көзделген жазаға сәйкес келтіруге құқылы. Өзгертілген үкім Үкім шығарушы тарап шығарған үкімнен қатаң болмауға тиіс. Бұл ретте сотталған адам жазасының Үкім шығарушы тараптың аумағында өтелген бөлігі ескеріледі.

4. Егер сотталған адам Үкімді орындаушы тараптың заңнамасына сәйкес кәмелетке толмаған болып табылса, Үкімді орындаушы тарап оның Үкім шығарушы тараптың заңнамасына сәйкес мәртебесіне қарамастан, сотталған адамды кәмелетке толмаған ретінде қарауға құқылы.

5. Үкім шығарушы тарап пен Үкімді орындаушы тарап берілген сотталған адамға қатысты кешірім жасауды және рақымшылық жасауды өз заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға құқылы. Үкім шығарушы тарап қана өзінің соттары тағайындаған айыптау үкімдері мен жазаларын қайта қарауға құқылы.

6. Үкім шығарушы тарап нәтижесінде сотталған адамға қатысты жазаның күші жойылғаны немесе оның азайтылғаны туралы өзінің кез келген шешімі, оның ішінде кешірім жасау туралы шешімі жөнінде Үкімді орындаушы тарапты хабардар етеді. Үкімді орындаушы тарап Үкім шығарушы тараптың осындай шешімі туралы хабарламаны алған кезден бастап жазаның орындалуын өзгертеді немесе тоқтатады.

9-бап

Жазаның орындалуы туралы ақпарат

1. Үкімді орындаушы тарап Үкім шығарушы тарапқа:

а) сотталған адамның үкімді орындау аяқталғанға дейін босатылғаны немесе қайтыс болғаны туралы;

b) сотталған адамға шартты түрде босату қолданылғаны туралы;

c) сотталған адамның жазаны орындау аяқталғанға дейін күзетпен ұстаудан қашып кеткені туралы хабар береді.

2. Үкім шығарушы тараптың сұрау салуы бойынша Үкімді орындаушы тарап жазаның орындалуына байланысты сұратылатын кез келген мәліметтерді береді.

10-бап

Берілген адамның құқықтық мәртебесі

1. Үкімді орындаушы тарапқа берілген сотталған адам Үкім шығарушы тарапта сотталуына себеп болған әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін қайтадан қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

2. Үкімді орындаушы тарапқа берілген сотталған адамның Үкімді орындаушы тарапта осындай қылмыс жасағаны үшін сотталған адамның құқығындай құқықтары болады және оған қатысты да осындай құқықтық салдар туындайды.

11-бап

Сотталған адамдардың транзиті

Егер кез келген Тарап сотталған адамды үшінші тарапқа берсе немесе үшінші тараптан қабылдаса, екінші Тарап өз заңнамасы сақталған жағдайда, өз юрисдикциясы арқылы сотталған адамның транзитін жүзеге асыруға жәрдемдесуге тиіс. Осындай беруді жүзеге асыруға ниет білдірген Тарап екінші Тарапты осындай транзит туралы алдын ала хабардар етеді.

12-бап

Құжаттарды аудару және куәландыру

1. Осы Келісім шеңберінде бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін барлық құжат, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, соңғы Тараптың ресми тіліндегі немесе ағылшын тіліндегі аудармасымен қоса беріледі.

2. Осы Келісімнің 6-бабы 2-тармағының "а)" тармақшасында көзделген жағдайлардан басқа, осы Келісім шеңберінде берілетін құжаттар куәландыруды қажет етпейді.

13-бап

Беруге байланысты шығыстар

1. Үкім шығарушы тарап қана шеккен шығыстарды қоспағанда, осы Келісімді қолдануға байланысты туындаған кез келген шығыстар Үкімді орындаушы тарапқа өз заңнамасына сәйкес жүктеледі.

2. Үкімді орындаушы тарап:

а) Үкім шығарушы тарап қана шеккен шығыстардан басқа, сотталған адамды беру бойынша;

б) берілгеннен кейін үкімді орындауды жалғастыру бойынша шығыстарды көтереді.

3. Үкімді орындаушы тарап өз заңнамасына сәйкес сотталған адамнан оны беруге байланысты шығыстардың барлығын немесе бір бөлігін өтеуді талап етуге құқылы.

14-бап

Басқа халықаралық келісімдермен арақатынасы

Осы Келісімнің ережелері кез келген Тараптың өздері қатысушысы болып табылатын, қолданыстағы өзге де халықаралық шарттардың, заңдардың ережелеріне және практикаға сәйкес ынтымақтастықты жүзеге асыруына кедергі келтірмейді.

15-бап

Консультациялар және келіспеушіліктерді шешу

1. Орталық органдар сұрау салу бойынша осы Келісімді түсіндіруге, іске асыруға және қолдануға қатысты бірлескен консультациялар жүргізеді.

2. Егер Тараптардың орталық органдары келісімге дербес қол жеткізе алмаса, осындай консультациялардың нәтижесінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер дипломатиялық арналар арқылы шешіледі.

16-бап

Келісімнің уақыт бойынша қолданылуы

Осы Келісімнің ережелері осы Келісім күшіне енгенге дейін де, одан кейін де сотталған адамдарға қатысты қолданылады.

17-бап

Қорытынды ережелер

1. Әрбір Тарап екінші Тарапты осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті өзінің ішкі рәсімдерінің аяқталғаны туралы ресми арналар арқылы жазбаша түрде хабардар етеді. Келісім соңғы хабарлама алынған күннен соң отыз (30) күннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісімге Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер осы баптың 1-тармағына сәйкес күшіне енеді.

3. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге күшінде қалады. Кез келген Тарап осы Келісімнің қолданысын екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар ете отырып, кез келген уақытта тоқтата алады. Мұндай жағдайда тоқтату осындай хабарлама алынған күннен бастап бір жүз сексен (180) күннен кейін күшіне енеді.

4. Келісімнің қолданысын тоқтату осы Келісімнің ережелеріне сәйкес ол тоқтатылған күнге дейін алынған беру туралы сұрау салуларды қарауға әсер етпейді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН, тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

20 _____ жылы _____ әрқайсысы қазақ, қытай және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімді түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым күші болады.

Қазақстан Республикасы үшін

*Қытай Халық Республикасының
Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы
үшін*